

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланды Корольдігі Үкіметінің арасында Кеден істеріндегі ынтымақтастық және әкімшілік өзара көмек туралы келісімді жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 25 қараша N 1248

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланды Корольдігі Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық және әкімшілік өзара көмек туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы Бердібек Машбекұлы Сапарбаевқа қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етіле отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан көрсетілген Келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланды Корольдігі Үкіметінің арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық және әкімшілік өзара көмек туралы келісім

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланды Корольдігінің Үкіметі, импорт немесе экспорт кезінде алынатын кеден баждарын, салықтарын және басқа да алымдардың дәл есептелуін қамтамасыз етудің, сондай-ақ тыйым салу, шектеу және бақылау жөніндегі шаралардың лайықты дәрежеде орындалуының маңыздылығын **н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ;**

кеден заңнамасын бұзудың өз мемлекеттерінің экономикалық, салықтық, қоғамдық, мәдени мүдделеріне, қоғамның салауаттылығына және сауда мүдделеріне залал келтіретіндігін **н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ;**

есірткі құралдары мен психотроптық заттарды, қауіпті жүктерді, жойылу қаупі төніп тұрған флора мен фаунаның түрлерін және уытты қалдықтарды шекаралар арқылы заңсыз өткізудің қоғам үшін қауіп төндіретіндігін ескере отырып;

өз мемлекеттері кедендік заңнамаларын қолдану және сақталуын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілігін мойындай отырып;

кеден заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі күштер кеден

әкімшіліктерінің арасындағы нақты құқықтық ережелерге негізделген тығыз ынтымақтастықтың арқасында неғұрлым тиімді болуы мүмкін екендігіне көз жеткізе
о т ы р ы п ;

Дүниежүзілік Кеден Ұйымы ретінде белгілі Кедендік ынтымақтастық кеңесінің тиісті құжаттарын, атап айтқанда 1953 жылғы 5 желтоқсандағы Өзара әкімшілік көмек туралы ұсынымдарды назарға ала отырып;

жекелеген тауарларға қатысты тыйым салу, шектеу және бақылау жөніндегі шараларды көздейтін халықаралық конвенциялардың ережелерін де назарға ала
о т ы р ы п ;

мына төмендегілер туралы келісті:

I бөлім

Айқындама

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар қолданылады:

1. "Кеден әкімшілігі":

Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі;

Нидерланды Корольдігінде - кеден заңнамасын қолдануға жауапты Орталық әкімшілік;

2. "Кеден заңнамасы" - кеден әкімшіліктері тыйым салу, шектеу және бақылау жөніндегі шараларға жататын кесімдерді қоса алғанда, тауарларды әкелуге, әкетуге, транзитіне және өткізуге қатысты қолданатын нормативтік құқықтық кесімдердің жиынтығы;

3. "Кедендік құқық бұзушылық" - Уағдаласушы Тараптардың әр қайсысы мемлекетінің кеден заңнамасын кез келген бұзу;

4. "Кеден талаптары" - осы Келісім қолданылатын кеден баждары мен басқа да салықтардың кез келген сомасы, олардың сомаларының қосымша төлемдерінің өсімі, мерзімі өткен төлемдер Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағынан жиналуы мүмкін болмайтын аталған баждар мен салықтарға жататын пайыздар мен шығыстар;

5. "Тұлға" - кез келген жеке немесе заңды тұлға;

6. "Жеке тұлғалар туралы мәліметтер" - анықталған немесе анықталып жатқан жеке тұлғаға қатысты кез келген мәліметтер;

7. "Ақпарат" - кез келген мәліметтер, құжаттар, баяндамалар, олардың расталған көшірмелері немесе электронды тасығыштардағы мәліметтерді қоса алғанда, кез келген нысанда берілген басқа да хабарлар;

8. "Есірткі құралдары" - Біріккен Ұлттар Ұйымының 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай Конвенциясының I немесе II тізімдеріне енгізілген заттар;

9. "Психотроптық заттар" - Біріккен Ұлттар Ұйымының 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы Конвенциясының I, II, III немесе IV тізімдеріне енгізілген заттар;

10. "Прекурсорлар" - есірткі құралдары мен психотроптық заттарды өндіру үшін пайдаланылатын химиялық заттар ретінде жіктелетін Біріккен Ұлттар Ұйымының 1988 жылғы Есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес туралы Конвенциясының I және II тізімдеріне енгізілген заттар мен олардың тұздары;

11. "Сұрау салушы әкімшілік" - жәрдем сұрайтын кеден әкімшілігі;

12. "Сұрау салынған әкімшілік" - одан жәрдем сұралатын кеден әкімшілігі.

II бөлім

Келісімнің қолданылу аясы

2-бап

1. Уағдаласушы Тараптар өздерінің кеден әкімшіліктері арқылы осы Келісімнің шарттарына сәйкес бір біріне кеден заңнамасын лайықты дәрежеде қолдану, сондай-ақ кеден төлемдерін алуды қоса алғанда, кеден заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу, тексеру және жолын кесу жөнінде әкімшілік жәрдем көрсетеді.

2. Осы Келісімнің шеңберіндегі жәрдемді екі Уағдаласушы Тарап өздерінің мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес, құзыреттерінің және өздерінің кеден әкімшіліктерінде бар мүмкіндіктердің шегінде көрсетеді.

3. Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Корольдігінің басқа халықаралық шарттарынан туындайтын қазіргі және болашақтағы міндеттемелерін қозғамайды.

4. Осы Келісім тек Уағдаласушы Тараптардың арасында өзара әкімшілік көмек көрсетуге арналған. Осы Келісімнің ережелері қандай да бір жекеше тұлға үшін кез келген дәлелдемені алу, пайдалануға кедергі келтіру немесе алып тастау не сұрау салудың орындалуына кедергі келтіру құқығын туғызбайды.

5. Осы Келісім қылмыстық істердегі өзара жәрдемді реттейтін ережелерді қозғамайды. Егер өзара көмек Уағдаласушы Тараптардың арасында қолданылатын басқа келісімдерге сәйкес көрсетілуі тиіс болса, сұрау салынған кеден әкімшілігі мүдделі тиісті биліктерді көрсетеді.

III бөлім

Жәрдемдесу аясы

3-бап

1. Кеден әкімшіліктері бір біріне сұрау салу немесе өз бастамасы бойынша кеден заңнамасының лайықты қолданылуын, сондай-ақ кеден төлемдерін алуды қоса алғанда, кедендік құқық бұзушылықтардың алдын алуды, тексеруді және жолын кесуді қамтамасыз етуге көмектесуі мүмкін ақпаратты береді.

2. Әр бір кеден әкімшілігі екінші кеден әкімшілігінің өтініші бойынша тексерулер жүргізуі кезінде, егер өз тексеруін не өз мемлекетінің басқа биліктерінің өтініші бойынша тексеру жүргізетіні сияқты әрекет етеді.

4-бап

1. Сұрау салынған әкімшілік сұрау салу бойынша кеден заңнамасы және Уағдаласушы Тарап мемлекетінде қолданылатын рәсімдер туралы және кедендік құқық бұзушылықтарға жүргізіліп жатқан тексерулерге қатысты барлық ақпаратты ұсынады.

2. Әрбір кеден әкімшілігі өз бастамасы бойынша:

1) кедендік құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің өзінің тиімділігін дәлелдеген жаңа әдістеріне;

2) кедендік құқық бұзушылықтар жасаудың жаңа үрдістеріне, құралдарына немесе әдістеріне қатысты кез келген қолда бар ақпаратты береді.

5-бап

1. Кеден әкімшіліктері кеден ісі саласында бір біріне:

1) екі кеден қызметтері пайдаланатын технологиялармен танысу мақсатында өзара тиімді негізде кеден қызметтері қызметкерлерінің сапарларымен алмасуды;

2) кеден қызметтері қызметкерлерін оқытуды және арнаулы дағдыларын жетілдіруге көмектесуді;

3) бақылау мен анықтаудың техникалық құралдарын пайдаланудағы ақпараттармен және тәжірибемен алмасуды;

4) кеден ісі мәселелері жөніндегі сарапшылармен алмасуды;

5) кеден заңнамасына қатысты кәсіптік, ғылыми және техникалық мәліметтермен алмасуды қамтитын кеден ісі саласындағы техникалық жәрдемнің кез келген нысандарын көрсетуі мүмкін.

Көрсетілген іс-шараларды қаржыландыру тәртібі осы Келісімнің 2-бабының 2-тармағына сәйкес келісілетін болады.

IV бөлім

Өзара әкімшілік көмектің ерекше жағдайлары

6-бап

1. Сұрау салынған әкімшілік сұрау салу бойынша сұрау салушы әкімшілікке м ы н а д а й :

1) сұрау салушы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кеден аумағына әкелінген тауарлар сұрау салынған Тарап мемлекетінің кеден аумағынан заңды түрде әкетілген б о л ы п т а б ы л а м а ;

2) сұрау салушы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кеден аумағынан әкетілген тауарлар сұрау салынған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кеден аумағына заңды түрде әкетілген болып табыла ма, сондай-ақ егер мұндай жағдай орын алса, бұл тауарлар ұшыраған кедендік рәсім туралы ақпаратты ұсынады.

7-бап

1. Сұрау салу бойынша сұрау салынған әкімшілік:

1) өтулерге, атап айтқанда сұрау салушы әкімшілікке кедендік заңнаманы бұзушылықтар жасағандығы белгілі немесе оған күдікті адамдардың өз мемлекетінің кеден аумағына келуіне және одан кетуіне;

2) олар туралы сұрау салушы кеден әкімшілігі сұрау салушы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кеден аумағына заңсыз өткізілгендігіне күдік тудыратын ретінде хабарлаған тауарлардың өткізілуіне және сақталуына;

3) сұрау салушы әкімшілік олар сұрау салушы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кеден аумағында кеден заңнамасын бұзу мақсатында пайдаланылады деп күдіктенген көлік құралдарына арнайы қадағалауды жүргізеді.

2. Кеден әкімшіліктері өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес, өзара келісім бойынша және өз бақылауымен заңсыз өткізуде пайдаланылатын тауарларды осындай заңсыз өткізудің жолын кесу мақсатында өз мемлекеттерінің кеден аумағы арқылы әкелуге, әкетуге немесе олардың транзитіне рұқсат етуі мүмкін. Егер, кеден әкімшілігі тиісті рұқсат беруге құзыретті болмаса, ол құзыретті органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды не істі тиісті органға береді.

8-бап

1. Кеден әкімшіліктері бір біріне өз бастамасы бойынша немесе сұрау салу бойынша кеден заңнамасын бұзатын немесе бұзуы мүмкін жасалған немесе дайындалып жатқан әрекеттер туралы ақпараттар береді. Мұндай ақпараттар:

1) қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттар мен ядролық материалдардың;

2) Уағдаласушы Тараптардың бірі үшін елеулі тарихи, көркем немесе археологиялық құндылықты білдіретін көнелік және өнер заттарының;

3) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, сондай-ақ қоршаған орта мен халық денсаулығы үшін қауіп төндіретін заттардың;

4) осы Келісім қолданылатын, жоғары кеден баждар мен басқа да салықтар салынатын тауарлардың;

5) санаткерлік меншік объектілерінің;

6) жойылып кету қаупі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктердің, олардың бөліктері мен дериваттарының өткізілуін қамтиды, бірақ олардың өткізілуін шектемейді.

2. Уағдаласушы Тараптардың бірінің экономикасына, қоғамдық денсаулық сақтауына, қоғамдық қауіпсіздігіне, сондай-ақ басқа да өмірлік маңызды мүдделеріне елеулі залал келтіруі мүмкін болатын ерекше жағдайларда, екінші Уағдаласушы Тараптың кеден әкімшілігі мүмкіндігінше ақпаратты Өз бастамасы бойынша кешіктірмей ұсынады.

9-бап

1. Кеден әкімшіліктері өздерінің Ұлттық заңнамасына сәйкес кеден төлемдерін алу мақсатында бір біріне көмек көрсетеді.

2. Кеден әкімшіліктері өзара уағдаластық бойынша осы баптың осы Келісімнің 18-бабының 2-тармағына сәйкес қолданылуына қатысты ережені белгілейді.

Ү бөлім

Ақпараттар және құжаттар ұсыну

10-бап

1. Құжаттардың түпнұсқалары тек расталған және бірдей көшірмелерді ұсыну жеткілікті болмайтын жағдайларда ғана сұратылуы мүмкін. Сұрау салынған кеден әкімшілігінен алынған түпнұсқалар алғашқы мүмкіндік туғанда қайтарылуы тиіс. Бұл ретте, сұрау салынған әкімшіліктің немесе құжаттарды ұсынуға қатысы бар үшінші жақтың құқықтары қозғалмайды.

2. Осы Келісімге сәйкес ұсынылған кез келген ақпарат оны түсіндіру мен пайдалану үшін қажетті барлық ілеспе ақпараттармен қоса жүруі тиіс.

ҮІ бөлім

Сарапшылар және куәлар

11-бап

1. Сұрау салынған жағдайда сұрау салынған әкімшілік өзінің лауазымды адамдарын сұрау салушы Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында соттың немесе трибуналдың алдында кедендік жолсыздықтар туралы істер бойынша сарапшылар немесе куәлар ретінде түсуге уәкілетті етуі мүмкін.

ҮІІ бөлім

Жәрдемдесу туралы сұрау салулардың нысаны мен мазмұны

12-бап

1. Осы Келісімнің негізінде жасалған жәрдемдесу туралы сұрау салуларды тікелей екінші Уағдаласушы Тараптың кеден әкімшілігі жазбаша нысанда ұсынуы тиіс. Сұрау салуды орындау үшін қажетті құжаттар оған қоса берілуі тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағының негізінде жасалған сұрау салуларға мынадай ақпаратты қосу қажет:

- 1) сұрау салушы органның атауы;
- 2) сұрау салудың мақсаты мен себебі;
- 3) жағдаяттардың қысқаша сипаттамасы, іске қатысы бар нормативтік кесімдердің тізбесі, сондай-ақ тексерудің түрі;

4) егер олар белгілі болса, тексеру объектісі болып табылатын тұлғалардың аттары мен мекен-жайлары.

3. Кеден әкімшіліктерінің кез келгенінің белгілі бір рәсімді жүргізуі туралы сұрау салуы сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес қанағаттандырылады.

4. Осы Келісімнің шеңберінде ұсынылатын ақпарат әрбір кеден әкімшілігі осы мақсаттар үшін тағайындаған лауазымды адамдарға ғана беріледі. Осындай лауазымды адамдардың тізімі осы Келісімнің 18-бабының 2-тармағына сәйкес екінші Уағдаласушы Тараптың кеден әкімшілігіне беріледі.

ҮІІІ бөлім

Сұрау салуларды орындау

13-бап

1. Егер, сұрау салынған кеден әкімшілігінде сұрау салынған ақпарат болмаған жағдайда, ол өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес мұндай ақпаратты алу шараларын қабылдайды. Бұл шаралар кедендік құқық бұзушылық жөніндегі ақпарат бар адамдардан, сондай-ақ куәлар мен сарапшылардан ақпарат алуды қамтиды.

14-бап

1. Кедендік құқық бұзушылықтарды тексеру мақсатында және жазбаша сұрау салуға сәйкес сұрау салушы әкімшілік тағайындаған лауазымды адамдар сұрау салынған әкімшіліктің келісімімен және ол қоюы мүмкін Шарттар сақталған жағдайда:

1) жолсыздыққа қатысты ақпаратты сұрау салынған әкімшіліктің офистеріндегі құжаттармен, жазбалармен және басқа да тиісті деректермен салыстыруы;

2) құжаттардың, жазбалардың және кедендік құқық бұзушылыққа қатысы бар басқа да мәліметтердің көшірмелерін алуы;

3) сұрау салынған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің кеден аумағында сұрау салынған әкімшілік жүргізетін және сұрау салушы әкімшілікке қатысы бар тексеру кезінде қатысуы мүмкін.

2. 11-баппен немесе осы баптың 1-тармағымен көзделген, сұрау салушы әкімшіліктің лауазымды адамдары екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында болған жағдайларда, олар кез келген уақытта өздерінің ресми өкілеттіктерінің дәлелдерін ұсынуға қабілетті болуы тиіс.

3. Болу уақытында олар екінші Уағдаласушы Тараптың кедендік лауазымды адамдары үшін өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес көзделетіндей қорғаныспен қамтамасыз етілуі және өздері жасауы мүмкін жолсыздықтар үшін жауаптылықта болуы тиіс.

IX бөлім

Ақпараттардың құпиялылығы

15-бап

1. Осындай ақпаратты берген кеден әкімшілігі оны басқа мақсаттар үшін не басқа органдар пайдалану мүмкіндігін растайтын жағдайларды қоспағанда, осы Келісімге сәйкес алынған кез келген ақпарат тек осы Келісімнің мақсаттарында және оны тек кеден әкімшіліктері ғана пайдаланылуы тиіс. Мұндай пайдалану ақпараттарды берген кеден әкімшілігі белгілейтін кез келген шектеулерді ескере отырып жүзеге асырылады. Егер бұл, ақпаратты ұсынған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделсе, кез келген осындай ақпарат тек Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің прокуратура органдары мен сот органдарының рұқсатын алғаннан кейін ғана қылмыстық қудалауларда пайдаланылуы мүмкін.

2. Осы Келісімге сәйкес алынған кез келген ақпарат оның мемлекетінде ұқсас сипаттағы және мазмұндағы өз ақпараты үшін жұмыс істейтін нақ сондай құпиялылық режимімен қамтамасыз етіледі.

3. Осы Келісімнің 2-бабының 3-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасы мен Нидерланды Корольдігінің міндеттемелеріне сәйкес кеден әкімшіліктерінің бірінің ақпаратты ашқандығы туралы екінші кеден әкімшілігіне алдын ала хабарланады.

4. Осы Келісімнің негізінде жеке тұлғалар туралы деректер беру әр Уағдаласушы Тараптар мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын осы Келісімге Қосымшаның ережелері сақтала отырып жүзеге асырылады.

X бөлім

Жәрдем көрсету жөніндегі міндеттемелерден ерекшеліктер

16-бап

1. Сұрау салынған кеден әкімшілігі сұрау салуды орындау сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа да маңызды ұлттық мүдделеріне залал келтіреді не өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіби құпияларын бұзуы мүмкін деп санаған жағдайларда, ол осы Келісімде көзделген жәрдемнен толық немесе ішінара бас тартуы мүмкін.

2. Егер сұрау салушы әкімшілік өзі көрсете алмайтын жәрдем үшін жүгінген жағдайда, ол өз сұрау салуында бұл фактіні атап өтеді. Мұндай сұрау салуды орындау сұрау салынған әкімшіліктің қарауына қалдырылады.

3. Сұрау салынған әкімшілік сұрау салуды орындауды ол жүріп жатқан тексеруге, талқылауға немесе қудалауға кедергі жасауы мүмкін деген негізде кейінге қалдыруы мүмкін. Мұндай жағдайда сұрау салынған әкімшілік сұрау салушы әкімшілікпен сұрау салуды орындаудың сұрау салынған әкімшілік талап етуі мүмкін мерзімдері мен шарттары бойынша консультациялар жүргізеді.

4. Егер жәрдемнен бас тартылса немесе оның орындалуы кейінге қалдырылса, онда бас тарту немесе ауыстыру туралы шешім сұрау салушы әкімшіліктің назарына жеткізіледі.

XI бөлім

Шығыстар

17-бап

1. Кеден әкімшіліктері сұрау салушы кеден әкімшілігі көтеретін мемлекеттік қызметте тұрмайтын сарапшыларға, куәларға және аудармашыларға арналған

шығыстарды қоспағанда, осы Келісімге сәйкес сұрау салудың орындалуымен байланысты шығыстарды төлеу жөніндегі барлық бір біріне қойылған талаптарды қабылдамайды.

2. Егер сұрау салу төтенше сипатта болса немесе оны орындау үшін елеулі шығыстар талап етілсе, Уағдаласушы Тараптар олардың негізінде аталған сұрау салу орындалуы мүмкін шарттарды, сондай-ақ осы Келісімнің 2-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын төлем жүргізудің нысандарын айқындау мақсатында бір бірімен консультациялар жүргізеді.

XII бөлім

Келісімді іске асыру

18-бап

1. Кеден әкімшіліктері кедендік құқық бұзушылықтарды тексеруге және олардың жолын кесуге жауапты тұлғалар бір бірімен тура және тікелей байланыс орнату үшін шаралар қабылдайды.

2. Кеден әкімшіліктері осы Келісімнің шеңберіндегі осы Келісімді іске асыру үшін қажетті одан арғы іс-қимылдарды келіседі.

3. Кеден әкімшіліктері осы Келісімді түсіндіруден немесе қолданудан туындайтын кез келген проблемаларды өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады.

4. Шешілмеген даулар мен келіспеушіліктер дипломатиялық арналар бойынша шешіледі.

XIII бөлім

Қолданылуы

19-бап

1. Қазақстан Республикасына қатысты осы Келісім оның аумағында қолданылады.

2. Нидерланды Корольдігіне қатысты осы Келісім оның Еуропадағы аумағында қолданылады. Алайда, осы Келісімнің қолданылуы толығымен немесе қажетті өзгерістерімен нидерландылық Антиль аралдарына немесе Арубаға таратылуы мүмкін.

3. Осы Келісім қолданылуының мұндай таратылуы дипломатиялық арналар бойынша алмасу ноталарында көзделуі және келісілуі мүмкін болатындығы сияқты қолданылуын тоқтату туралы шарттарды қоса алғанда, осындай өзгерістер мен шарттар сақталған жағдайда, осындай күннен бастап күшіне енеді.

ХІҮ бөлім

Күшіне енуі және тоқтатылуы

20-бап

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алғаннан кейін 2-ші айдың 1-ші күні күшіне енеді.

21-бап

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Әрбір Уағдаласушы Тарап кез келген сәтте оны дипломатиялық арналар бойынша екінші Уағдаласушы Тарапқа бұл туралы жазбаша хабарлама жібере отырып тоқтата алады.

2. Осы Келісімнің қолданылуы екінші Уағдаласушы Тарап оның қолданылуын тоқтатқандығы туралы хабарламаны алған күннен бастап үш ай өткеннен кейін тоқтатылады. Осы Келісімнің қолданылуының тоқтатылуы кезінде жүріп жатқан іс-шаралар, соған қарамастан осы Келісімнің ережелеріне сәйкес орындалуы тиіс.

22-бап

Уағдаласушы Тараптар сұрау салу бойынша немесе осы Келісім күшіне енген күннен бастап бес жыл өткеннен кейін осы Келісімнің ережелерін қайта қарау мақсатындағы кездесулерді өткізеді, не бір біріне қайта қараудың қажеттігі жоқтығы туралы жазбаша хабарлама жібереді.

ОСЫЛАРДЫ КУӘЛАНДЫРА ОТЫРЫП оған уәкілетті төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

_____ қаласында " ____ " _____ әр қайсысы қазақ, нидерланд, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар .

Түсіндіру мақсаттары үшін келіспеушіліктер туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін пайдаланылатын болады.

Қазақстан Республикасының

Нидерланды Корольдігінің

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Келісімге қосымша

Уағдаласушы Тараптардың кеден әкімшіліктері басшылыққа алатын жеке тұлғалар туралы мәліметтер беру туралы ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже Нидерланды Корольдігінің Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық және әкімшілік өзара көмек туралы осы Келісімнің 15-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Уағдаласушы Тараптардың кеден әкімшіліктері жеке тұлғалар туралы алынған мәліметтерді тек көрсетілген мақсаттарда және оларды беруші кеден әкімшілігі белгілеген шарттарда ғана пайдалануы мүмкін.

3. Сұрау салу бойынша алушы белгіленген мерзімдерде мәлімет берген кеден әкімшілігіне оларды пайдаланғандығы және бұл ретте, қол жеткізілген нәтижелер туралы хабарлайды.

4. Жеке тұлғалар туралы мәліметтерді Уағдаласушы Тараптардың құзыретті кеден органдары ғана беруі мүмкін. Кейін басқа органдарға беру тек бұл мәліметтерді берген кеден әкімшілігінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

5. Беруші кеден әкімшілігі берілетін мәліметтердің дәлдігін және олар қолданылатын мақсаттарды ескере отырып шектен шықпаушылығын тек қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ретте, Тараптардың әрқайсысының ұлттық заңнамасына сәйкес қолданылатын жеке тұлғалар туралы мәліметтерді беруге арналған тыйым салулары сақталады. Егер дұрыс емес немесе беруге жатпайтын мәліметтерің берілгені анықталған жағдайда, онда бұл туралы мәліметтерді түзетуді немесе жоюды жүргізуге міндетті болатын алушыға дереу хабарланады.

6. Тиісті жеке тұлғаға оның сұрауы бойынша оған қатысы бар мәліметтер туралы ақпараттар, сондай-ақ ұлттық заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, оларды пайдаланудың мақсаттары туралы ақпараттар беріледі. Егер, мемлекеттің ақпарат беруден бас тартуы туралы мүдделері тиісті тұлғаның ақпарат алу туралы мүддесінен үстем болса, ақпараттардың берілмеуі мүмкін. Қалғанында тиісті тұлғаның мұндай ақпараттарға байланысты құқықтары ұлттық заңнамамен айқындалады.

7. Егер, осы Келісімнің шеңберінде мәліметтер алмасудың салдарынан қайсы біреуге материалдық немесе моральдық залал келтірілсе, онда бұл мәліметтерді алған кеден әкімшілігі ұлттық заңнамаға сәйкес жауаптылықта болады. Ол жәбірленушілердің алдында ақталу ретінде залалды ақпараттарды берген кеден әкімшілігі келтіргендігіне сілтеме жасай алмайды.

8. Мәліметтерді беру кезінде беруші кеден қызметі, ол аяқталғаннан кейін бұл мәліметтер жойылуға жататын Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңнамасына сәйкес қолданылатын оларды сақтау мерзімдерін көрсетеді.

9. Уағдаласушы Тараптардың кеден әкімшіліктері жеке тұлғаларға қатысты мәліметтердің берілуі мен алынуын құжаттамалық түрде тіркеуге міндетті.

10. Уағдаласушы Тараптардың кеден әкімшіліктері жеке тұлғалар туралы берілген мәліметтерді заңсыз енуден, оларға беруші кеден әкімшілігінің келісімінсіз өзгерістер енгізуден, сондай-ақ кейін үшінші тұлғаларға заңсыз беруден қорғауға міндетті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ